



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

отсутствует представление о понятии «жизнь», как о высшей ценности для государства. В связи с этим, формирование у общественности гуманистических взглядов по отношению к человеческой жизни представляется совершенно необходимым. Понимание и грамотное решение проблем в этой непростой сфере общественным отношением – важная задача как гражданского общества, так и государства.

3) российское общество на современном этапе развития обладает потенциалом, необходимым для реализации права на жизнь, которое по своей правовой природе входит в состав одного из главных принципов Конституции РФ – «человек, его права и свободы являются высшей ценностью», что в свою очередь требует от всего субъектного состава правовой действительности научиться эффективно его использовать и защищать.

Список использованных источников

1. Авакьян С.А. Конституционное право России. Т. 1. – М: Юристъ, 2005, 719 с.
2. Лукашева Е.А. Права человека как фактор стратегии устойчивого развития, Москва, 2010 г., 320 с.
3. Железнов Б.Л. Гражданское общество, государство и самореализация личности // Вестник экономики, права и социологии, №4, 2009, С. 56-59
4. Маклаков В.В. Международная и внутригосударственная защита прав человека: Учебное пособие для вузов / Отв. ред. Р.В. Валеев, Р. В. Вагизов. – Казань: Казанский государственный университет им. В.И. Ульянова-Ленина, 2007, 674 с.
5. Конституционное право: Словарь / отв.ред. В.В. Маклаков. – М.: Юристъ, 2011, 559с.
6. Снежко О. А. Конституционные основы государственной защиты прав и свобод человека и гражданина в Российской Федерации: дис. ...к.ю.н.: 12.00.02. Саратов. 1999 г., 195 с.
7. Золотых А.П. Конституционное право на жизнь и корреспондирующие ему обязанности государства. Дисс. ...к.ю.н. Тюмень. 2008 г., 189 с.
8. Федеральная служба безопасности Российской Федерации // URL: <http://fsb.ru/fsb/comment.htm>, (дата обращения: 15.03.2015).
9. Эпштейн В.А. Проблема формирования гражданского общества и терроризма // Гражданское общество, государственная власть и местное самоуправление / Межрегиональная научно-практическая конференция. Казань, 2001 г., С. 239-241.

УДК 342.4(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНДА АДАМДАРДЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Зейдін Қанат Біләлұлы

doot5@yandex.kz

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің
халықаралық құқық мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші- Алтынбасов.Б.Ө.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз, зайырлы, унитарлы, әлеуметтік мемлекет. Әлеуметтік мемлекет дей отырып біз нені түсінеміз? Әлеуметтік мемлекет – кең әлеуметтік негізге сүйенетін және халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және жүзеге асыруға, соңғы жетістіктермен қамтылған денсаулық сақтау, білім беру жүйелерін құруға, әлеуметтік әлсіз топтарға қолдау көрсетуге, әлеуметтік қатығыстардың алдын алуға, бейбіт реттеуге бағытталған белсенді әрі мықты әлеуметтік саясат жүргізетін демократиялық мемлекет^[1].

Әлеуметтік саясаттың негізгі жүзеге асыруға тырысып ұсынатын ұсыныстарының бірі ол еңбекке қабілетті азаматтарды еңбекпен қамтамасыз ету. Конституцияда көрсетілгендей әрбір азамат өзі қалаған мамандық иесі болып, сол мамандығымен жұмыс істеуге құқылы. Ол туралы толығырақ 24 бапта еңбек ету бастадығы, еңбек орнының қауіпсіздік пен тазалық стандарттарына сай келуі, ереуілге шығуы және де ақылы демалыс күндері көрсетілген^[2].

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 3 шілде күні Астанада өткен

Индустрияландыру күніне арналған телекөпір барысында сөз сөйлеп, «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасын жария еткен болатын. Осы бағдарлама бойынша қазіргі таңдағы мәселелерді шешу үшін маңызды қадамдар айтылып өтті. Олардың ішінде біразына көз салып кетсек. 6-7 тапсырмаларда еңбек дауларының алдын алу, ескеру және реттеу туралы жазылған. Бұл туралы елбасы: «Бүгінгі күні Қазақстанда еңбек даулары мен жанжалдарын реттеу, ескеру және алдын алу тетіктері жақсы дами алмайотыр. Әрине, мүлдем кикілжіңсіз қоғам болмайды, бірақ біз мұндай тәуекелдерді барынша азайтуға ұмтылуға міндеттіміз.

Біріншіден, бүгінде өндірістегі еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен бақылау жұмыстарын күшейту қажет. Екіншіден, бізде әлеуметтік-еңбек дауларын туындатқаны үшін құқықтық жауапкершілік жағы жеткіліксіз» дейді. Еңбек дауларының негізгі себептері ретінде екі мәселені атап көрсетуге болады: бірінші - жұмысшылардың кәсіпорынды басқару мәселелерінен шеттетілуі, екінші - даулар мен жанжалдарды соттан тыс реттеу тетіктерінің әлсіздігі. Одан басқа 9 тапсырмада ҚР Үкіметі 2012 жылдың аяғына дейін кәсіптік одақтар туралы заңнаманы кешенді талдаудан өткізсін және оны өзгерту жөніндегі заң жобасын жасасын делінген. Ал 10 тапсырмада, меніңше ең маңыздыларының бірі, тұрғын үй жағдайының үлгі-қалыптары: қолжетімділік пен жайлылық туралы айтылады. Әрине бұл мәселе өзіне назар аудартпай қоймайды. Бағалары әр түрлі себеппен көтеріліп келе жатқан үйлердің бағасына қазіргі таңда үш адамның екісінің қолы жете бермейді. Басқа тапсырмаларда белсенді қозғалатын тақырып ол жас мамандар және мектеп оқушылары. Яғни мектеп оқушылары біздің болшағымыз деп оларды жастайынан шыңдап өсіру бірден бір дұрыс саясат^[3].

Еңбек мәселесі өте терең. Қазіргі ірі мемлекеттер жарысушы жолдағы басты алға тартар ол экономика. Экономиканың еңбекке тікелей қатысы бар десек қателеспейміз. Еңбек құқығы неғұрлым тиімді ұтымды болса, еңбек етушілер де, еңбексіз адамдардың еңбек етуге асығуы сол тиімділікті көрсетпек. Еңбек тиімділігі экономиканы қалпына келтіріп қоймай уақыт өте оны жаңартып көркейтеді. Мемлекет ішіндегі девальюация да өз аларын алып отыр. Тұтыну тауарларының бағасының көтерілуі халықты ерікті түрде болмаса да жұмыс істеп еңбек атқаруға итермелеуде. Мемлекет ішінде миллионер адамдардың болуы мемлекет үшін үлкен пайда. Олардың тауар айналымымен экономика көтеруі және жаңа жұмыс орындарып ашып халық арасында жұмыссыздар пайызын азайтады. Экономикадағы еңбек маңызы туралы Еуразиялық ұлттық университетінің профессоры Е.Нұрғалиеваның «Роль трудового права в рыночном механизме хозяйствования» атты монографиясын айта кеткен жөн.

Еңбек туралы Қазақ еңбек және әлеуметтік байланыстар академиясының азаматтық-құқықтық дисциплина кафедрасының мүшесі Ажинурина Динара Ажинурызқызының елеулі еңбектері бар. Мәселен, «Еңбек шарты –ҚР еңбектік құқықтық қатынастарды реттеудің объектісі ретінде» атты оқу әдістемелік құрал, және профессор Е.Нұрғалиевамен бірге жасаған «Еңбек ету бостандығы және оны қорғау мәселелері» атты елеулі монографиясы бар^[4].

Еңбек мәселесі тек ғылым саласы ғана ретінде емес кеңінен қолданылып келеді. Бірақ бұл еңбек мәселесі шешіліп түйіліп қойды деген сөз емес. Сараланған сайын жаңаруды қажет ететін құқық салаларының бірі осы еңбек құқығы болса керек. Қазақстан Республикасының қазіргі еңбек жағдайы жақсы дегеніменде проблемалары жоқ мәселе деп айтуға мүлдем келмейді. Проблемаларды шешу үшін тек қана шет елге азаматтарды оқыттырып содан соң осында келіп олардан тәжірибе сұраудың қажеті аздау. Себебі онда

кетіп содан кейін Қазақстанға қайта оралғысы келмей қалатын азаматтарда табылып жатыр, сондықтан шет ел инвесторлары мен қоғамдық бірлестіктерінің тиімді шарт негізінде Қазақстанда жұмыс істеуінің пайдасы көбірек болары сөзсіз. Шет ел азаматтарының еңбек құқықтарында оншалықты емес бырақ қазақтар арасында орын алатын быраз жайттар туралы сөз қозғайық.

Статистикаға көз жүгіртсек ^[5]

	Жақсы білемін	Жалпы білетінім бар	Мүлдем ештеңе білмеймін	Беруге қиналам
Жұмысшының еңбек құқықтары туралы	46,9 %	43,1%	4,0%	6,0%
Жұмысшының еңбек құқықтарын қорғау мүмкіндіктері туралы	33,6 %	49,3%	9,0%	8,1%
Жұмысшының еңбектік міндеттері туралы	53,4 %	36,0%	5,3%	5,4%
Жұмыс берушінің құқықтары туралы	36,7 %	46,0%	9,8%	7,5%
Жұмыс берушінің жұмысшыға қатысты міндеттері туралы	34,9 %	48,2%	8,3%	8,6%
Жұмыс берушінің мемлекетке қатысты міндеттері туралы	23,5 %	46,5%	15,0%	15,0 %

Адамдардың арасында өз еңбек құқықтарын мүлдем білмейтін топта кездесіп жатыр. Егер білмейтін, оқылмайтын болса оның несі заң? Білмеген адамдарда алаяқтардың жақсы асы дейміз себебі осындай дұрыс білмейтіндіктен қарызға батып, мемлекетке артық шығын келтіреді. Қазақстан Республикасының еңбек кодексінде көрсетілгендей азаматтар еңбек шартын келіспестен бұрын онымен жақсылап танысуы керек, тіпті жеке кәсіпкерліктер болған жағдайда мемлекет тарапынан өзінің қорғалуын талап етіп жұмысын қауіпсіздендіруге болады. Қазіргі таңда адамдардың еңбек құқықтары тапталуда. Мұндай келеңсіздіктерден көптеген оқыс оқиғалар болып жатыр.


Себебі Жағдайлар	Жоқ, болған жоқ	Өз бастамам бойынша	Басқа қызметкерлерге жүктей	Басшылық мәжбүр етті	Ақшамды жоғалтқым келмеді	Басқа	Есімде жоқ/Жауап бергім келмейді
Науқас бола тұрып, жұмысқа бару	26,7 %	30,1%	13,3 %	17,5 %	8,6 %	0,1 %	3,6 %
Жыл сайынғы еңбек демалысын пайдаланбау	48,6 %	16,4%	7,0%	15,1 %	6,9 %	0,5 %	5,4 %
Үстемелі/демалыста/мейрамдарда жұмыс істеу	24,8 %	19,0%	9,4%	35,4 %	5,4 %	1,0 %	5,0 %
Еңбек келісімшартында көрсетілмеген жұмысты атқару	24,9 %	17,5%	9,9%	34,0 %	4,5 %	1,3 %	7,8 %
Қажетті қорғаныс шараларысыз қауіпті/зиянды жағдайда жұмыс істеу	63,7 %	5,7%	2,5%	13,6 %	3,1 %	0,6 %	10%
Техника қауіпсіздігін бұзумен жұмыс істеу	65,1 %	6,6%	2,4%	11,4 %	2,0 %	0,8 %	11,6 %

Үнемі режимді бұзып жұмыс істеу (ұзаққа дейін, түскі үзіліссіз және т.б.)	45,7 %	12,7%	8,4%	21,8 %	3,4 %	1,1 %	6,9 %
Еңбек келісімін жасамай жұмыс істеу	67,4 %	5,4%	1,9%	12,9 %	2,6 %	1,5 %	8,3 %

Сөйтіп, мысалы, жұмысшылар өз бастамалары бойынша жұмысқа науқас бола тұрып (30% жағдайда) барады, үстеме, демалыста, мейрамда (19% оқиғада) жұмыс істейді, қосымша міндетті (17,5% оқиғада) атқарады, жыл сайынғы еңбек демалысын (16% оқиғада) пайдаланбайды. Әрине, осы жағдайда бұны жұмысшының құқығын бұзу деп айтуға болмайды. Сөйте тұра, жоғарыда аталған жағдайларға «Ақшамды жоғалтқым келмейді» себебі ретінде өте сирек көрсетеді - 10% оқиғадан аз^[6].

Басқа тағы бір қаралатын мәселе ол Қазақстан Республикасы Парламент сенатының депутаты Қуаныш Айтаханов: «Бала күтімі бойынша демалыстан соң, қайтадан жұмысқа шыққан әйелдерге мемлекет есебінен біліктілігін арттыру және қажетті жаңа мамандық алу мүмкіндіктерін, Қазақстан Республикасының Салық Кодексіне көпбалалы отбасылар үшін табыс салығы бойынша жеңілдіктер туралы ережелерді және басқаларды заңды тұрғыда реттеу мәселелерін қарастырсын» дейді.

Қазақстан Республикасында мұнан басқа тағы да жұмысқа алушылардың барлығының да жас әрі тәжірибиелілерін алғысы келеді. Тәжірибе іздеп жүрген жастар мен тәжірибе жинаған бірақ біршама жасқа келген еңбекке қабілетті азаматтар жұмыстан тыс қалып жұмыссыз атанып отыр.



Тәжірибе көрсеткендей, жас бойынша дискриминациядан көбінесе екі категория зардап шегеді: жас жеткен, зейнеткерлік жасындағы адамдар және кейбір қызметтерге талаптану үшін, мысалы, жеткілікті өтілі жылдарын «жинай» алмай жүрген жас мамандар. Ол Орталық Қазақстанда, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларында аса айқын, Батыс және Шығыс Қазақстанда бәрінен аз байқалады.

Бұл туралы жоспар жүйесі дайындалып жатқандығы туралы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты қорғау министрі Серік Әбденов: «Жұмыспен қамту бағдарламасының ішінде біраз механизмдер жоспарлап отырмыз. Арнайы әлеуметтік жұмыс орындарын жасау заң жобасы да көрсетілген еді. Сол актілердің ішінде осы мәселелер орын алатын болады. Қосымша жеңілдіктер, мысалы салық жағынан, оны тиісті министрліктермен бірлесіп жұмыс жасап жатырмыз» дейді.

Бірақта мұндай жетіспеушіліктермен қатар еңбек құқығы мен еңбек ету саласы Қазақстанда шарықтап келеді. Жетістіктермен қатар болашаққа деген үлкен үмітпен мақсаттар да қойылып отыр. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды. Бұл құжат туралы елбасының өзі «Заң халықаралық еңбек стандарттарын ескере отырып еңбек қатынастарын құқықтық реттеуді жетілдіруге, сондай-ақ әлеуметтік

серіктестіктің бар түрлері мен әдістерін арттыруға және жұмысшылардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған.» дейді^[7].

Бұл заңнамалық құжатпен жұмыс берушінің актілер шығаруында қызметкерлер өкілдерінің пікірлерін ескеруді қамтамасыз ету ұсынылады. Қызметкерлердің еңбек құқықтарының бұзылуының алдын алу ережелері күшейтіледі. Лауазымдарды қоса атқару және уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындау тәртібі регламенттеледі^[8].

Заң жобасын талқылау барысында Сенаттың тұрақты комитеттерінің ескертпелері мен ұсыныстары ескеріле отырып, өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, жұмыс берушінің инфляция деңгейін негізге ала отырып, келісімдерде, ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актісінде белгіленген тәртіппен жүргізуі мүмкін жалақының тұрақты бөлігін индексстеу туралы бап нақтыланды^[9].

ҚР азаматтарының өз бағалары бойынша, олардың еңбек саласындағы, және де еңбек, сондай ақ жеке құқығы мәселелерінде құқықтық сауаттылықтары айтарлықтай жоғары. Сонымен бірге, өз мәлімделгенінің бағасының үнемі субъективтік екінісі болады (өйткені, мысалы, мағынасы бойынша еңбек құқықтарын іске асыру жүйесінің тиімсіздігінің екінші себебі деп сұралғандар, өз құқықтық сауаттылықтары деңгейлерінің төмендігін айтты). Бұдан басқа, өз құқықтарын білу олардың бұзылған жағдайында қорғау мүмкіндігін үнемі кепілдей бермейді.

Бұл мәселелерді шешуде Қазақстанның қазіргі алған бағыты бірден бір дұрыс болуымен қатар Халықаралық Еңбек Ұйымының ұсынып отырған жана бағыттарының көмек тигізері сөзсіз. Мәселен, жұмыс сапасын көтеремін деп ақылы демалыстарды қысқартуға қарсы күрес. Яғни толығырақ алсақ ХЕҰ-ның меңгерушісі Клеопатра Думбия-Генридің айтуынша «БҰҰ қарастырып бекітуі бойынша еңбек құқығы сараланған сегіз сатыдан тұрады» дейді. Сол сатылар негізінен жұмыс бостандығы, коллективті жұмыс, жасөспірім жұмысы, жұмыстың дискриминацияға қатысы, жұмысқа итермелеушілік туралы түсіндіреді. Клеопатра Думбия-Генридің докладтық жұмысында көрсетілгендей кризис болып жатқан біршама жұмыс орындарында бұл сатылар экспериментті түрде өтіліп, жақсы нәтижелерге қол жеткізілген^[10].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007 (616 беттік) Айбек Өжкен.
2. Қазақстан Республикасы Конституциясы. Жаңа Конституция. 1995ж. 24-бап
3. Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ: Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам. Астана. 10 шілде. Қазақпарат.
4. Қазақстан ғалымдары <http://famous.ukz.kz/?p=2243>
5. Әскери қызметшілерге, жұмысшылар мен қызметшілерге еңбекақы төлеу мәселелері жөніндегі әдістемелік құрал. Алматы. 2010ж. И.Л. Ақпомбаев
6. Еңбек және зейнеткерлік құқығы: ТАЛДАУ ЕСЕБІ («Еңбек нарығындағы құқықтық қорғанушылық бүгін –лайықты қарттық ертең» жобасының аясында «ЗУБР» Әлеуметтік корпоративтік қорымен жүргізілген)
7. Еңбек құқығы. Нұр-Пресс. 2004. Ахметова А., Ахметова Г.
8. ИА «Казинформ». 17 ақпан 2012. <http://www.inform.kz/rus/article/2441796>
9. «bookchamber.kz» сайтындағы кітаптар базасы <http://www.bookchamber.kz/index.php/kz/component/search/?searchword=978-601-292-294-3&ordering=&searchphrase=all>
10. Giving Globalization a Human Face: General Survey on the eight fundamental ILO Conventions concerning rights at work. Report of the Committee of Experts on the Application of Conventions and Recommendations, International Labour Office, Geneva 2012.